

**"Меркі ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізуге арналған арнайы орындар, арнайы орындарды пайдалану тәртібі, олардың шекті толу нормалары, сондай-ақ материалдық-техникалық және ұйымдастырушылықты қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды белгілеу туралы" Меркі аудандық мәслихатының 2020 жылғы 25 маусымдағы №68-3 шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Жамбыл облысы Меркі аудандық мәслихатының 2023 жылғы 25 желтоқсандағы № 17-6 шешімі. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2023 жылғы 27 желтоқсанда № 5140 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабына, "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы" Қазақстан Заңының 8-бабының 2-тармақ 2) тармақшасына сәйкес, Меркі аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. "Меркі ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізуге арналған арнайы орындар, арнайы орындарды пайдалану тәртібі, олардың шекті толу нормалары, сондай-ақ материалдық-техникалық және ұйымдастырушылықты қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды белгілеу туралы" Меркі аудандық мәслихатының 2020 жылғы 25 маусымдағы №68-3 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4668 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің №3 қосымшасындағы "150" саны "800" санына өзгертілсін.

2. "Меркі аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Жамбыл облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Меркі аудандық мәслихатының интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Меркі аудандық  
мәслихат төрағасы

М. Кокрекбаев